

Ә

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Заң факультеті

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы,
конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасы

КР 1202 Конституциялық құқық

6B04205 «Құқықтану», 6B04202 «Мемлекеттік қызмет», 6B04206 «Корпоративтік құқық», 6B04204 «Қаржы құқығы», 6B04203 «Кеден ісі» білім беру бағдарламасы

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2024

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын з.ғ.к., аға оқытушы Жарболова А.Ж. 6B04205 «Құқықтану», 6B04202 «Мемлекеттік қызмет», 6B04206 «Корпоративтік құқық», 6B04204 «Қаржы құқығы», 6B04203 «Кеден ісі» білім беру бағдарламасының оқу жоспары негізінде әзірлеген.

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының мәжілісінде қаралып, ұсынылды.


«29» __ 08 __ 2024 ж.

№1 Хаттама

Кафедра меңгерушісі з.ғ.к.

Усеинова К.Р.

Білім беру және оқыту сапасы бойынша Академиялық комитеттің төрайымы



Урисбаева А.А.

«02» __ 09 __ 2024 ж.


№1 Хаттама

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды


«02» __ 09 __ 2024 ж.

№1 Хаттама

Ғалым хатшы



Атаханова Г.М.



Кіріспе

6B04205 «Құқықтану», 6B04202 «Мемлекеттік қызмет», 6B04206 «Корпоративтік құқық», 6B04204 «Қаржы құқығы», 6B04203 «Кеден ісі» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан – қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляцияға беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент бұйрығымен қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі. Биылғы оқу жылының ерекшеліне байланысты БП МК циклындағы пәндер Универ жүйесінде тест тапсыру арқылы қабылданады. Тест сұрақтары Нұсқаулықпен бекітілген үлгідегі үш деңгейдегі осы оқу жоспарындағы тақырыптармен қамтылған 200 сұрақтан 1, 2, 3 дұрыс жауаппен құрылған.

Қорытынды тестілеуге шығарылатын оқу тақырыптары

1. Конституциялық құқық - ұлттық құқықтық жетекші саласы

Құқық саласы ретінде Конституциялық құқықтың ұғымы, пәні және тәсілдері. Конституциялық-құқықтық нормалар, олардың ерекшеліктері және түрлері. Конституциялық құқықтық қатынастар, олардың субъектілері, ерекшеліктері, түрлері, пайда болу, өзгеру және жойылу негіздері. Конституциялық құқықтың қайнар көздері. Конституциялық құқықтың ұлттық құқық жүйесінде алатын орны.

2. Конституция – мемлекеттің негізгі заңы.

Конституцияның түсінігі, оның мәні және мазмұны. Мемлекеттің Негізгі заңы - Конституцияның заңи қасиеттері, негізгі белгілері, қағидалары, функциялары. Конституцияның жоғарылығы. Конституция нормаларын сақтау және жүзеге асыру кепілдіктері. ҚР Конституциясының дамуы

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының дамуының негізгі кезеңдері.

1993 жылғы ҚР Конституциясын қабылдаудың алғышарттары мен себептері, оның мазмұны. Осы Конституцияның негізгі жаңалықтары, кемшіліктері. 1995 жылғы ҚР Конституциясын қабылдаудың алғышарттары мен себептері. 1995 жылғы ҚР Конституциясының негізгі идеялары, оның жаңалықтары. ҚР Конституциясына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар.

4. Конституциялық құрылыстың жалпы сипаты. ҚР конституциялық құрылысының негіздері.

Конституциялық құрылыстың ұғымы, оның элементтері. Мемлекеттің конституциялық құрылысының құқықтық тұрғыда реттелуі. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негіздері. ҚР – құқықтық, демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. ҚР - егемен мемлекет. Адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық ретінде.

5. Жеке тұлғаның құқықтық жағдайының негіздері.

Жеке тұлғаның құқықтық жағдайының түсінігі және қағидалары. Азаматтардың құқықтық жағдайы мен азаматтардың құқықтық жағдайының негіздерінің арақатынасы. Жеке тұлғаның құқықтық жағдайының элементтері. Азаматтық: түсінігі, қағидалары.

6. Конституциялық құқықтар мен бостандықтар және міндеттер

Конституциялық құқықтар мен бостандықтардың түсінігі, өзге құқықтар мен бостандықтардан ерекшеліктері. Конституциялық құқықтар мен бостандықтардың түрлері. Жеке (азаматтық) құқықтар мен бостандықтар. Саяси құқықтар мен бостандықтар. Әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар. Конституциялық міндеттер.

7. Азаматтық институтының конституциялық-құқықтық реттелуі.

Азаматтық институтының конституцияда бекітілуі. Азаматтық алу, оған қабылдау шарттары, тәртібі. Ата-аналарының азаматтығы өзгерген, асырап алған және қамқорлыққа алған жағдайдағы балалардың азаматтығы. Азаматтықтың тоқтатылу негіздері. Азаматтық мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдар, азаматтық мәселелері жөніндегі арыздар мен ұсыныстарды қарау бойынша өндіріс.

8. Сайлау құқығы, оның қағидалары

Сайлау құқығының түсінігі: объективтік мағынада, субъективтік мағынада. Сайлау құқығының қағидалары: түрлері, мәні. Сайлаудың түрлері: өткізілу аумағы бойынша, өткізілу мерзімі бойынша, кімді сайлайтынына байланысты, ерік білдіру нысаны бойынша, т.с.с. Сайлау органдары, сайлау округтері мен сайлау учаскелері.

9. Сайлау жүйесі және сайлау процесі

Сайлау жүйесінің түсінігі, түрлері: мажоритарлық сайлау жүйесі және бара-бар өкілдік сайлау жүйесі. Сайлау жүйелерінің сипаты және ерекшеліктері. Сайлау процесінің түсінігі. Сайланбалы лауазымдарға, органдарға сайлау процесінің сатылары. Қайта дауыс беру және қайта сайлау.

10. Қазақстан Республикасында шет елдіктердің құқықтық жағдайы

Шет елдіктердің түсінігі, түрлері. Шет елдіктердің құқықтық жағдайының мемлекеттің азаматтарының құқықтық жағдайынан ерекшеліктері. Шет елдіктердің Қазақстанда келу тәртібі. Шет елдіктердің Қазақстанда болуы және Қазақстаннан кетуі мәселелері.

11. Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық-құқықтық мәртебесі.

Республика Президентінің мәртебесі. Президенттің қызметіне кірісуі. Республика Президентінің өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы. Президенттің өкілеттіктері, актілері. Президенттің міндеттерін атқару. ҚР Президенті институтының құқықтық реттелуіне енгізілген өзгертулер.

12. Қазақстан Республикасы Парламентінің конституциялық-құқықтық мәртебесі

Заң шығарушы органның мәртебесі, құрамы және құрылу тәртібі. Екі палаталы Парламент құрылымына өту қажеттілігі мен палаталарды құру тәртібі. Заң шығарушы органның депутаттарына қойылатын талаптар. Заң шығарушы органның өкілеттіктері, қызметінің ұйымдық-құқықтық нысандары. Заң шығарушы органның органдары және актілері.

13. Парламенттің заң шығару қызметі

Парламенттің заң шығару қызметінің конституциялық-құқықтық реттелуі. Заң шығармашылығының пәні. Республика Парламентінде заң шығару процесінің сатылары. Заң шығару бастамашылығы: түсінігі, субъектілері. Заң жобасын палаталарда қарау, қабылдау. Мемлекет басшысының заңға қол қоюы.

14. Қазақстан Республикасының Үкіметі, оның конституциялық-құқықтық мәртебесі.

Республика Үкіметінің мәртебесі, атқарушы билік жүйесіндегі орны. ҚР Үкіметінің құрамы және құрылымы. Құрылу тәртібі. Республика Үкіметтің құзыреті және оның қызмет ету тәртібі. Үкіметтің таратылуы. Оның билік тармақтарымен арақатынасы.

15. Конституциялық қадағалаудың түсінігі және мәні. Конституциялық қадағалау органдары: түрлері, ерекшеліктері, даму кезеңдері

Конституциялық қадағалаудың түсінігі, маңызы, жүзеге асыру үлгілері. Конституциялық қадағалаудың мақсаты мен міндеттері. Конституциялық Соттың құрамы және құрылуы тәртібі. Конституциялық Сот судьяларының мәртебесі. Конституциялық Соттың өкілеттіктері. Конституциялық қадағалау институтын жетілдіру және дамыту.

16. Конституциялық өндіріс

Конституциялық өндірістің түсінігі және сатылары. Конституциялық Сотқа өтініш беру. Өтінішті өндіріске қабылдау немесе қарауға қабылдаудан бас тарту. Конституциялық Соттың отырысында өтінішті қарау тәртібі және қарау нәтижесі бойынша шешім шығаруы. Конституциялық Соттың актілері. Олардың құқықтық табиғаты.

17. Қазақстан Республикасының сот жүйесі: ұйымдастырылу деңгейі және қызметі

Сот билігінің түсінігі және қызметі. Қазақстан Республикасының сот жүйесі. Аудандық және оларға теңестірілген соттар: құрылуы, өкілеттіктері және құрамы. Облыстық және оларға теңестірілген соттар: құрылуы, өкілеттіктері, құрылымы және құрамы. ҚР Жоғарғы Соты: өкілеттіктері, құрылымы мен құрамы.

18. Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқарудың ұйымдастырылуы мен қызметінің конституциялық негіздері

Жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару: түсінігі, белгілері. Жергілікті мемлекеттік басқару органдары: жергілікті өкілді органдар және жергілікті атқарушы органдар. түсінігі. Азаматтардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысуының негіздері. Жергілікті қоғамдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттері. Жергілікті қоғамдастық жиындары мен жергілікті қоғамдастық жиналыстары. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының міндеттері, жауаптылығы.

19. Тікелей демократия нысандары, олардың құқықтық реттелуі

Тікелей демократияның түсінігі, мәні. Тікелей демократияның нысандары. Тікелей демократияның негізгі нысандары ретінде республикалық референдумның, сайлаудың маңызы, мемлекет өмірінде алатын орны. Бейбіт жиналыстар, демократия, митинг, шерулер ұйымдастыру және өткізу тәртібі. Тікелей демократия институттарының конституциялық-құқықтық реттелуі.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.– Алматы, 2023
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы.– Алматы, 1993.

3. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Академиялық курс: оқулық / Ғ. Сапарғалиев. - 3 басылым, өңделіп толықтырылған. - Алматы: Жеті жарғы, 2008. - 536 б.
4. З.Ж.Кенжалиев, В.А.Ким. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнаманың дамуы. Алматы: Жеті жарғы, 2008 – 198 б.
5. А.Ж.Түсүпова, А.Ж.Жарболова. Қазақстан Республикасының және шет елдердің конституциялық құқығы. (схемалар мен анықтамаларда). Оқу-практикалық құрал. Алматы. «Қазақ университеті», 2021
6. А.Ж. Жарболова «ҚР конституциялық құқығы» пәнінен семинар сабақтарына қосымша дайындық материалдары. Оқу құралы. Алматы. «Қазақ университеті», 2015 ж.
7. Қазақстандағы президенттік билік: тарих, тағылым, тәжірибе / Б.Аяғанның редакциясымен. – Алматы: Раритет, 2010. – 368 б.
8. А.Б. Сманова. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды қалыптастырудың құқықтық негіздері. Монография. – Алматы, 2016. – 122 б.
9. Сапарғалиев Г.С. Парламентское право Республики Казахстан: Монография. – Астана: ТОО «Институт законодательства РК», 2009. – 308 с.
10. Трошкин Ю.В. Права человека. Учебное пособие. М., 2017
11. Мухамеджанов Э.Б. Избирательное право Республики Казахстан: теоретико-правовые вопросы- Алматы: Жеті жарғы, 2001 - 176с.
12. Жарболова А.Ж. Қазақстан Республикасындағы заң шығару процесі - Алматы, 2017-146 б
13. Жанузакова Л.Т. Закон Республики Казахстан О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан. Комментарий. Приложение к журналу “Мәслихат” №4, Алматы – 2010.
14. Алексеев И.А., Арутюнян Р.Э., Д.С. Белявский, Избирательное право Российской Федерации и зарубежных стран. Учебник, М., Проспект, 2020
15. Мейірбекова Г.Б., Жарболова А.Ж., Тусупова А.Ж. Сайлаудың демократиялық мемлекеттердегі орны мен рөлі // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ХАБАРШЫ. Заң сериясы. - 2020. - №1 (93). - 34-44 бб. // file:///C:/Users/Admin/Downloads/2260-1-4603-1-10-20200422%20(1).pdf

Интернет-ресурстар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (08.06.2022 өзгерістер мен толықтыруларымен) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z220000001K#z9>
2. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР конституциялық заңы 5 қараша 2022 жылғы № 156-VII ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000156>
3. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы 1995 жылғы 28 қыркүйектегі конституциялық заң // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464>
4. Республикалық референдум туралы 1995 жылғы 2 қарашадағы конституциялық заң // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592>
5. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы 2022 жылғы 5 қарашадағы конституциялық заң // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000153>
6. Қазақстан Республикасының Парламенті жәннен оның депутаттарының мәртебесі туралы 1995 жылғы 16 қазандағы конституциялық заң // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002529>
7. Қазақстан Республикасының Президенті туралы 1995 ж. 26 желтоқсандағы конституциялық заң // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002733>
8. Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы 1995 жылғы 18 желтоқсандағы конституциялық заң // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002688>
9. Депутаттық мандатты қайтарып алудың жаңа институты енгізілмек // https://el.kz/deputattyq-mandatty-qayтарыp-aludyn-zhana-instituty-engizilmek_55006/
10. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы 23

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

1. Пән бойынша қорытынды бақылау - тест түрінде UNIVER жүйесінде өткізіледі. Тест қабылдау барысы – автоматты прокторинг жүйесімен бақыланады, проктор немесе оқытушының қадағалауымен (егер прокторинг болмаса).

2. **Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізілед, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

3. Аттестациялық ведомостьқа қорытында баға тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде түседі:

- 48 сағат ішінде бекітілуге жатады. Онлайн прокторинг режимі бойынша тексеру жүргізу барысында балл қою уақыты ұзартылуы мүмкін.

4. Тестің түрі - көптік таңдау, 1,2,3 дұрыс жауаппен

5. Univer АЖ тест сұрақтарының саны – 40 сұрақтан келеді. 1 мүмкіндік беріледі. Тестің өту уақыты- 90 минут.

6. Univer АЖ тест сұрақтары- автоматты түрде генерацияланады

7. Univer АЖ тест сұрақтарын дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексереді

8. Студент емтиханға кіруге 30 минут бұрын дайындалуы керек. Ол прокторингтің талабы.

9. Тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тест өту тәртібін бұзған болса, онда алған бағасы жойылуға жатады

10. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді Универ жүйесіндегі сілтемелер арқылы қарай алады

Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің (мақсатпен көрсетілген оқыту нәтижелерінің) қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиторияда жұмыс белсенділігін және қатысуын бағалау; орындалған тапсырманы, СӨЖ-ді (жоба / кейс / бағдарлама/...) бағалау.

Қорытынды бағаны есептеу формуласы ұсынылады. Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$\frac{PK1+PK2}{2} \cdot 0,6 + ИК \cdot 0,4. \text{ Мұнда } AB - \text{ аралық бақылау; } ҚБ - \text{ қорытынды бақылау (емтихан).}$$

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

